

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 162-ө
Өкімі

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 4 мамырдағы Заңын (бұдан әрі - Заң) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Заңның күшіне енген күнінен бастап екі ай мерзімде "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін және "Инвесторлардың қызметіне бақылау және мониторингті жүзеге асырудың Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция комитеті төрағасының 2003 жылғы 26 наурыздағы N 19-П бұйрығына өзгерістер енгізуді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр